

СӨЙЛЕУ КОММУНИКАЦИЯСЫ – АДАМДАРДЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ӘРЕКЕТІНІҢ КӨРІНІСІ

Усербай Алимханович Байкабилов

Ташкент облысы Шыршық мемлекеттік педагогика институты аға оқытушысы

АННОТАЦИЯ

Тілдің коммуникативтік қызметі жеке тіл бірліктерінің қарым-қатынастық қызметтерін экстралингвистикалық факторлармен байланыстыра отырып жүзеге асырады.

Кілтті сөздер: Сөйлеу коммуникациясы, қарым-қатынас, лингвистикалық прагматика, дискурс, тіл, жүйе, ойлау.

ABSTRACT

The communicative function of a language is carried out by linking the communicative functions of individual linguistic units with extralinguistic factors.

Keywords: speech communication, communication, linguistic pragmatics, discourse, language, system, thinking.

КІРІСПЕ

Соңғы кезде жалпы тіл білімінде сөйлеу коммуникация мәселелері әр қырынан зерттеліп, оның бірқатар мәселелері қазақ тіл білімінде де қарастырылып жүргендігі белгілі. Сөйлеу коммуникациясы қарым-қатынас негізі ретінде жасалғандықтан тілімізде оның ықпалы күшті екендігі тәжірибеде дәлелденді, ол – дайындықсыз, еркін түрде өтіп, адам факторының рөлін ашып берді.

Тілдің коммуникативтік қызметі жеке тіл бірліктерінің қарым-қатынастық қызметтерін экстралингвистикалық факторлармен байланыстыра отырып жүзеге асырады. Ең алдымен, коммуникация – адамдардың өзара байланысы, қарым-қатынасы болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕРДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК

Осы күнгі лингвистиканың дамуында сөйлеу үдерісі жөнінде көптеген ой-пікірлер қалыптасқан. Соның ішінде белгілі неміс тілшісі В.Гумбольдт «Сөйлеу оймен байланысты шексіз әрі алуан. Оны реттейтін, бірақ осы

шексіздікте белгілі бір қалыпқа не байланыс түрлерн жүйелеп отыратын тіл бірліктері бар» [О различений строения человеческих языков и его влияний на духовное развитие человеческого рода // ВКН: В.А.Звегинцев. История языкознания XIX-XX в.в очерках и извлечениях. I том, М., 1964, 126-б.] десе, Е.В.Клюев «Сөйлеу – ең алдымен, коммуникативті актіні бастау мақсатындағы қажеттіліктен туындайды» дейді [Речевая коммуникация. М., 1998, 27 б].

Қазақ тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлы еңбегінде «Сөйлеу деген – біреудің екінші біреуге хабар беруі. Сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ауыздан шыққан сөздің бәрі сөйлем бола бермейді, айтуынша ойын тыдаушы ұғарлық дәрежеде түсінікті болып айтылған сөздер ғана сөйлем болады» деп, сөйлеудің мақсатын прагматикалық тұрғыда айтып өткен [Тіл тағылымы, А., 1992, 141-б.].

Қазақ халқы – сөз өнеріне көп мән беріп, жоғары бағалаған халық. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйін түйгендігін, мақал мен мәтел қолданыстарынан байқауға болады. Әсіресе «Тіл тас жарады, тас жармаса, бас жарады», «Өнер алды - қызыл тіл» деп бекер айтылмағандығы белгілі. Ежелден ата-бабаларымыз шешен сөйлейтін адамдарды ерекше бағалап, құрмет тұтқан. Сөйлеген сөзінен-ақ әр адамның ішкі жан дүниесінің қандай екендігін, білімін, мәдениеттілігін байқап, баға беріп отырған. Сондықтан тілімізде мәнерлеп, нақты әрі анық сөйлеудің орны ерекше, яғни сөйлеу – ішкі айнасы.

Сонымен қатар сөйлеу – ең алдымен коммуникативті актіні бастау мақсатындағы қажеттіліктен туындайды. Сөйлеу арқылы қарым-қатынас орнап, тыңдаушыға әсер етіп, сөйлем коммуникациясы жүзеге асады. Сондықтан да қазіргі кезде лингвистикада сөйлеу коммуникациясы теориясы немесе сөйлеу актісі жаңа бағыт ретінде қарастырылып жүр.

Лингвистикалық прагматика – сөйлеу актісінің өзегі ретінде коммуникация үдерісінде тілді дұрыс қолдану туралы ғылым, яғни тілді коммуникативтік тұрғыдан қолдану. Осы негізде сөйлеу коммуникациясының қолданысын былай көрсетуге болады: сөйлеу коммуникациясы – адресант – байланыс – референт – код – адресат.

Коммуникативті актінің қарама-қарсы екі қыры бар: хабар таратушы – хабар алушы, жазушы – оқушы, сөйлеуші - тыңдаушы, процидент – реципиент, адресант – адресат. Осы орайда сөйлеу қатысымыздағы коммуникацияны адресант пен адресат десек, мәтін коммуникациясы автор мен оқырман болып бөлінеді. Өйткені адресант пен адресат сөйлеу коммуникациясы арқылы

ауызша қарым-қатынасқа түссе, жазбаша формасы мәтін арқылы автор мен оқырман арасындағы қарым қатынасты көрсетеді. Автор мәтін арқылы екінші адамға әсер етіп, жаңа көзқарастың туындауына, білім аясының кеңеюіне ықпал етсе, дискурс тікелей сөйлеу коммуникациясы арқылы әсер етеді, қарым-қатынас орнатады. Демек, дискурс – сөйлеу арқылы қарым-қатынасқа түсу, сөйлеу актісі және оның шешімі болса, мәтін – тілдік жүйедегі лингвистикалық білім аясы. Осыған байланысты Н.Д. Арутюнова «Дискурс – связный текст в совокупности с экстралингвистическими, социоллингвистическими, психоллингвистическими с другими факторами; текст, взятый в событийном аспекте» дейді [Предложение и его смысл. М., «Наука», 1976, 136-б.]. 1960-1970 жылдары дискурс сөйлемнің немесе сөйлеу актісінің ғана байланысы ретінде қарастырылса, кейін келе оның ауқымы кеңейіп, күрделі коммуникативтік қарым-қатынасты, сонымен бірге экстралингвистикалық факторлар (әле туралы білімі, көзқарасы) арқылы байланысқа түсуді қамтиды.

Дискурсты прагматикалық тұрғыдан қарастырғанда, Ч.Морристің семиотикасымен (семантика – синтактика - прагматика) байланыстыруға болады. Дискурсқа бару үшін тіл жүйесінің тетігін (код) табу керек. Ол үшін білім аясы (фоновые знание – Н. Уәлиев), экстралингвистикалық фактор қалыптасу қажет. Дискурсты театр сахнасында да көруге болады. Актерлер дайын мәтінді айту арқылы рөлге кіреді, екінші тыңдаушыға әсер етеді, яғни театр сахнасында да дискурс орнайды. Бұл – драмалық дискурс.

Сөйлеу коммуникациясы мен дискурстың атқаратын қызметін анықтау барысында олардың бірдең, тең дәрежеде іске асатындығы көрінеді. Осы орайда мәтін мен дискурсты Ч.Моррис мәтін дегеніміз – сөз актісінің жазудағы көрінісі болса, ал дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі» деп сипаттайды [Основная теория знаков. М., 1983. 4-б.].

Лингвистикада сөйлеу коммуникациясы тіл мен сөйлеуден басталады, яғни тіл мен сөйлеу бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста өрбиді, бірі – жүйе болса, екіншісі – іске асатын үдеріс.

Тіл мен сөйлеудің (речь) айырмашылығын зерттеген ең алғаш швейцар лингвисті Фердинанд де Соссюр тіл мен сөйлеуге мынадай анықтама береді: «Тіл – таңбалар жүйесі ретінде, әрі оны реттеп тұратын болса, ал сөйлеу қарым-қатынас үшін қызмет атқаратын таңбалар жүйесі» [Труды по языкознанию. М., 1977, 31-б.]. Мұнда автор тілдің жүйесі мен құрылымы болатындығын, ал

сөйлеу іске асатын көрініс екендігін дәлелдеп, тіл мен сөйлеуге тән басты айырмашылықтарды нақтылай түскен, яғни тіл – барлық дыбыстық таңбалардың жиынтығы болса, сөйлеу – дыбысталудың жиынтығы.

НӘТИЖЕЛЕР МЕН ШІКІРТАЛАС

Тіл мен сөйлеудің ара - жігін ажыратып, олардың әрқайсысына тән айырмашылықтарды нақтылап көрсеткен Фердинанд де Соссюр еңбегін, кейінгі лингвистер одан әрі дамытып, тіл мен сөйлеудің ерекшелігіне баса назар аударады. В.А.Звегинцев тіл мен сөйлеуге қатысты ерекшеліктерді саралай келе, тілді – жалпы, абстрактылы, маңызды, қалып, психикалық, құрылым, жүйе, инвариант, қалыпты қолданыс, тұтса, әлеуметтік, код десе, ал сөйлеуді – жеке, нақты, іске асу, құбылыс, негіз (субстанция), физикалық, бақылаушы нысан, мәтін, вариант, өзгермелі, өздік, қолданысқа түсу, хабар тарату [Предложение и его отношение к языку и речи. М., 2001, 18-б.] деп өзара айырмашылығы ажыратылған. Әрбір сөйлесімде (ауызша, жазбаша) белгілі бір жүйе қалыптасып, сөйлеу негізіне айналады. Сондықтан тілдің өз ішінде бірнеше қызметі қалыптасқан. Ол – біріншіден, хабар тарату (сообщение); екіншіден, үгіт-насихат, іске қозғау салу; үшіншіден, сезімге әсер ету [А.Лурия. Речь и мышление. М., 1975, 9-б.].

Тіл қарым-қатынас құралы ретінде сөйлеуші адамға тілдік материалдарды жүйелеп берсе, сөйлеу тілдік жүйені іске асырады. Тіл - ұзақ ғасырлар бойы белгілі бір ұлттың қалыптастырған әлеуметтік әрі ұзақ өмір сүре алатын, адам миымен, санасымен жасалған, адам қарым-қатынасында бәрін ортақ психикалық үдеріс болса, сөйлеу – тұрақсыз, жеке-дара әрі жиі өзгереді, әркім өзі дамытатын, автордың өз қолтаңбасы болып табылады.

В.А.Звегинцев: «тіл адамнан тыс жерде өмір сүре алмайды. Тіл бір адам үшін ғана емес, екінші адамның қатысуы арқылы іске асып, сөйлеу кезінде екінші адамның қатысуын қажет етеді. Сондықтан тілді біз екі қырынан қарауымыз керек. Оның бірі – сөйлеуші болса, ал екіншісі – тыңдаушы ғана емес, оны түсініп, логикалық байланысқа түсіп жауап қайтарушы арасында болып отыр» деп тілдің атқаратын қызметі мен маңыздылығын, адресант пен адресаттың түсінісуіндегі ерекшелігін дәлелдей түседі [24-б.]. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – адамның белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі» дей келіп, «сөйлегенде, жазғанда кім де болса ойын айтады. Ойын айтуға тиісті сөздерді алады да, олардың басын құрап, біріне-бірінің қырын келтіріп,

қиыстырады» деп тіл арқылы сөйлеудің туындайтындығын нақты тұжырымдар арқылы көрсетеді [141-б.].

Тіл арқылы адам баласы бүкіл дүниенің қыры мен сырына қанық болып, өзінің саналы ойын, білімін жетілдіріп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан тәжірибелерін дамыта түсетіндігі белгілі. Тіл – жүйе, оған тілдік бірліктер фонема, интонама, сөз синтагма, сөйлем т.б. элементтердің жататындығы белгілі және тіл жүйесінің элементтері оның мүшелері ретінде қызмет етеді. Тіл – адамдардың негізгі қарым-қатынас құралы, тану мен ойлаудың негізі. Қоға бар жерде тіл бар, ал тілсіз қоғам болып қалыптасу мүмкін емес. Тілдің негізгі мақсаты - әр түрлі салада мәлімет беру. Сондықтан да тіл – таңба ретінде адам санасында туындап, белгілі бір жүйе ретінде қалыптасатын құрылым болса, сөйлеу нақты іске асуы болып табылады. Тіл – қатынас жасау үшін жинақталған материалдар жүйесі әрі сөйлеудің ең қажетті құралы болып табылады. Тіл арқылы сөйлеу үдерісі мақсатына жетіп, өз қызметін орындай алады.

А.Лурия «Сөйлеу дегеніміз – тіл арқылы екінші біреуге хабар беру» десе [75-б.], В.Гумбольдт тіл мен сөйлеуді байланыстыра келіп, сөйлеу сөйлесу ағынында пайда болатынын айтады: «Сөйлеп тұрған адам ең алдымен, өз санасындағы тілдік таңбаларды ойлайды. Біз тілдің құрылуын тек белгілі бір нәрсеге ат қойып, құрастырып сөйлеуден тұрады деген ұғымда болмауымыз керек. Негізінде сөйлеу сөздерді құрастырып сөйлеуден тұрмайды, керісінше, сөз сөйлеу үстінде туындайды» дейді [Основы теорий речи. М., 2000, 126-б.].

Н.Түркбенбаев «Сөйлеу – адам ойы арқылы қалыптасып, тілдік коммуникация негізінде қарым-қатынас жасау үшін қызмет атқаратын лингвистикалық аспект» дейді де: «Егер тіл – қолданыс құралы болса, сөйлеу – тіл арқылы іске асатын қарым-қатынас. Тілдің дыбыстық ерекшелігі сөйлеу үстінде көрінеді, сондықтан олар сөзден сөзге өту үдерісінде көрінеді» дейді.

Сонымен қатар сөйлеудің ерекшелігі – бір адамның сол кезде айтқан сөзін екінші адам дәл сондай етіп, интонациясын да өзгертпей қайталауы мүмкін.

Сөйлеу кезінде – сөйлеуші мен тыңдаушы міндетті түрде қатысады. Сонымен бірге диалог түрінде еркіндік басым болып, дайындықсыз жасалады. Әрі тақырыптың әр алуандығы сөйлеу жағдаятына тәуелді болады.

Сөйлеу – адам санасының жемісі. Ауызекі сөйлеуге – жалпы адамдардың қарым-қатынасы, әңгімелесуі жатады әрі ауызша, диалог, полилог түрінде,

дайындықсыз, жоспарсыз, сол жерде ойланып сөйлеу – сөйлеу тілінің негізгі көрінісі болып табылады. Сөйлеу әрекеті, ең алдымен, ойлау арқылы іске асады да, сөйлеудің негізінде сөйлеу әрекеті туындап, тыңдаушыға әсер етеді. Сөйлеу кезінде тыңдау да, тілдік коммуникацияның бір элементі ретінде көрініс табады. Сондықтан тыңдау адамның негізгі ерекшелігі болғандықтан, оның төрт түрлі негізі бар. Олар: 1) есту қабілеті; 2) түсіну қабілеті; 3) есте сақтау қабілеті; 4) мұқияттылығы. Осы төрт түрлі негіз арқылы адамдар арасында қарым-қатынас туындайды. Демек, сөйлеушінің негізгі мақсаты – қарсыласынан жауап алу әрі түсінісу болып табылады. Яғни сөйлеу кезінде адресаттың рөлі күшті, өйткені адресаттың қатысуынсыз сөйлеу коммуникациясы өз дәрежесіне жете алмайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, сөйлеген сөздің әсерлі, құлаққа жағымды, көңілге қонымды болуы, оның сазды айтылуынан болса, сөздің әсерлі-әсерсіздігі адамның эмоционалды-экспрессивтілігіне, көңіл-күйіне байланысты болады. Сөйлеу мәдениеті адамдар арасындағы тілдік коммуникация арқылы қалыптасып, адам сезімімен, ой-санасымен астасып жатады.

REFERENCE

1. Bahromova, M. M. (2022). ZAMONAVIY KASBLARNI EGALLASHDA MATEMATIK MANTIQNING O`RNI VA USHBU KASBLARGA YO`NALTIRISH QAMROVINI KENGAYTIRISH. *Ekonomika i sotsium*, 1(92), 1334-1339.
2. Bahromova, M. M. (2021). The importance and necessity of teaching computer science and programming for primary school students. *Asian Journal of Multidimensional Research*, 10(9), 162-166.
3. Bahromova, M. M. (2021). MULTIMEDIALI INTELLEKTUAL O`YINLAR ORQALI BOLALARDA DASTURLASH KO`NIKMASINI RIVOJLANTIRISH. *ACADEMIC RESEARCH IN EDUCATIONAL SCIENCES*, 2(6), 1189-1193.
4. Zuparova, S., Shegay, A., & Orazova, F. (2020). Approaches to Learning English as the Source of All. *European Journal of Research and Reflection in Educational Sciences*, 8(5).
5. Zuparova, S., Shegay, A. (2021). Methods of Teaching Foreign Languages. *Eastern European Scientific Journal*, 1(7), 141-143.

6. Djurayeva, Y., Ayatov, R., & Shegay, A. (2020). Current Problems and Resolutions of Teaching English Grammar. Academic research in educational sciences, 1(3).
7. Ўлжаев, Ў. Б., & Бердиев, Ш. Х. (2021). Углерод нанотрубкасида олтин кластери ва углеводородли молекулаларнинг ўзаро таъсирини моделлаштириш. Academic Research in Educational Sciences, 2(5), 1189-1195.
8. Tursunov, I. G., Berdiyev, S. X., & Usmonov, M. M. (2021). Fizikani o'qitishda pedagogik ta'lim klasteri metodidan foydalanishga doir tavsiyalar. Academic research in educational sciences, 2(5), 1129-1136.
9. Djurayeva, Y., Ayatov, R., & Shegay, A. (2020). Current Problems and Resolutions of Teaching English Grammar. Academic research in educational sciences, 1(3).
10. Ruzmetova, M., Orazova, F., & Kayumova, G. (2020). The Role of Teaching Vocabulary Competence in English. Academic Research in Educational Sciences, 1 (3), 509-513.
11. Ruzmetova, M., Otajonova, D., & Babadjanova, N. (2021). CONSIDERATIONS ON UNDERSTANDING THE MEANING OF A WORD. ACADEMIC RESEARCH IN EDUCATIONAL SCIENCES, 2(2), 1238-1242.
12. Krivosheyeva, G., Zuparova, S., & Shodiyeva, N. (2020). INTERACTIVE WAY TO FURTHER IMPROVE TEACHING LISTENING SKILLS. Academic Research in Educational Sciences, 1 (3), 520-525.